



Теңізшевройл Деректер мен дәйектер

2022 жылдың қорытындылары

Тарих/Қатысушылар

- Әлемдегі ең терең және ірі мұнай кеніштерінің бірі болып саналатын Теңіз мұнай кеніші 1979 жылы ашылды.
- «Теңізшевройл» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (әрі қарай - ТШО) 1993 жылы 6 сәуірде Қазақстан Республикасы мен «Шеврон» компаниясы арасында жасалған келісім негізінде құрылды.
- Қазіргі таңдағы ТШО серіктестері: «Шеврон» - 50%, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ - 20%, «ЭксонМобил Қазақстан Венчурс Инк.» - 25% және «Лукойл» - 5%.

Өнім өндіру/Қорлар

- Теңіз коллекторының жалпы барланған қоры 3,1 миллиард тонна (25 миллиард баррель), ал Королев кен алаңында 200 миллион тонна (1,6 миллиард баррель) мұнайды құрайды.
- Теңіз және Королев кеніштерінен алынатын мұнай қоры 1,4 миллиард тонна құрайды (11,5 миллиард баррель).
- Теңіз коллекторының ені 20 шақырым (12 миль), ұзындығы 21 шақырым (13 миль).
- ТШО 2008 жылы Шикі газ айдау және Екінші буын зауыты (ШГА/ЕБЗ) жобасын аяқтады. Соңғы бірнеше жылдар ішінде мұнай өндірудің тәуліктік көлемі 80 000 тоннадан асты (640 000 баррель), ал табиғи газ 25 миллион текше метрден (870 миллион текше фут) асты.
- 2022 жылы шикі мұнай өндіру көлемі 29,2 миллион тоннаны (233,2 миллион баррель) құрады.

Денсаулық сақтау, өнеркәсіп қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау

- ТШО 2000 жылдан бері табиғат қорғау шараларын жүзеге асыруға 3,15 миллиардтан астам АҚШ доллары көлемінде инвестиция салды.
- 2000 жылдан бері өндірілген мұнайдың бір тоннасына шаққандағы атмосфераға жіберілген шығарындылардың көлемі 75%-ға азайды.
- ТШО 2022 жылы өндірілген газдың 99%-ын кәдеге жаратты.
- 2022 жылы суды қайтадан пайдалану көрсеткіші 49%-ды құрады. ТШО тұрмыстық ағын суларды кәдеге жарату, өндірістік мақсатта тазарту және қайта пайдалану арқылы суды үнемдеу бағытындағы іс-шараларды одан әрі жүзеге асыруды жалғастыруда.
- ТШО қалдықтардың 35-тен аса түрін қайта өңдеуге жібереді. 2022 жылы қалдықтарды қайта өңдеу бойынша жалпы көрсеткіш 63%-ды құрады.

Өнімдерді өткізу

- ТШО 2022 жылы 1,19 миллион тоннадан аса сұйытылған газ, 9,7 миллиард текше метрден аса құрғақ газ, сондай-ақ 2,4 миллион тоннаға жуық күкірт өткізді.

Қазақстан Республикасының экономикасына қосылған үлес

- ТШО-ның 1993 жылдан бастап 2022 жылдың соңына дейінгі аралықтағы Қазақстан Республикасына тікелей қаржылай салымы кәсіпорынның жергілікті қызметкерлеріне төленген еңбекақыны, қазақстандық тауар өндірушілер мен қамтушылардың өнімдері мен қызметтерін сатып алуға жұмсалған қаржыны, мемлекеттік кәсіпорындарға аударылатын төлемдер, қазақстандық серіктеске бөлінген дивидендтерді, сонымен қатар мемлекеттік бюджетке аударылған салық және роялти түріндегі төлемдерді қоса алғанда 176 миллиард АҚШ долларынан астам қаржыны құрады.
- 2022 жылғы Қазақстанға төленген тікелей төлем көлемі 14,5 миллиард АҚШ доллар қаржыны құрады.
- 2022 жылы ТШО-да Қазақстандық қамту деңгейі 70%-ды құрап, яғни, соңғы 6 жылдағы ең жоғары көрсеткішке жетті. Бұл шығындардың басым бөлігі Келешек кеңею жобасы – Ұңғыма ернеуіндегі қысымды басқару жобасына (ККЖ-ҰЕҚБЖ) қатысты.



Теңізшевройл Деректер мен дәйектер

2022 жылдың қорытындылары

- ТШО 1993 жылдан бері қазақстандық қамтушылардың 43,6 миллиард АҚШ долларынан астам тауарлары мен қызметтерін пайдаланды.

Қызметкерлерді шыңдау

- Негізгі өндіріс пен ККЖ-ҰЕҚБЖ-да жұмыс істейтін қазақстандық қызметкерлердің үлесі 90,5%-ды құрайды. ККЖ-ҰЕҚБЖ жұмысшыларын есепке алмағанда, ТШО қызметкерлерінің 94,8%-ы қазақстандықтар. 1993 жылы бұл көрсеткіш 50% болатын.
- Жалпы басшылық құрамның 77,2%-ын қазақстандық жоғары және орта буын жетекшілер құрайды. ККЖ-ҰЕҚБЖ-ны есепке алмағанда қазақстандық жоғары және орта буын басшылардың жалпы үлесі 86,7%.
- Кадрларды оқыту және шыңдау жөніндегі тұрақты бағдарламалар нәтижесінде анағұрлым жауапты лауазымдарға қызметкерлер көптеп тартылуда.

Әлеуметтік салаға үлес

- ТШО 1993 жылдан бері өз қызметкерлері мен Атырау облысы тұрғындарының игілігі үшін әртүрлі әлеуметтік жобаларға 2,7 миллиард АҚШ долларына жуық қаржы жұмсады.
- «Игілік» ерікті әлеуметтік инфрақұрылым бағдарламасының 2023 жылғы бюджеті 25 миллион АҚШ долларын құрады. Аталмыш қаржының негізгі үлесі Атырау облысындағы балабақшалар, ауруханалар, мектептер және басқа да әлеуметтік нысандардың құрылысына бағытталады.
- 2023 жылы әлеуметтік инвестициялар бағдарламасы шеңберінде Атырау облысы мен Маңғыстау облысының Боранқұл ауылында денсаулық сақтау, білім беру сапасын көтеру және әлеуметтік кәсіпкерлікті дамытуға 2,5 миллион АҚШ долларынан астам қаржы бөлінді.

Келешек кеңею жобасы – Ұңғы ернеуіндегі қысымды басқару жобасы

Жалпы мағлұмат

- ТШО серіктестері 2016 жылы Теңіз кен орнының өндірістік қуаттылығын арттырудың келесі кезеңі болып табылатын Келешек кеңею жобасы-Ұңғы ернеуіндегі қысымды басқару жобасын (ККЖ-ҰЕҚБЖ) қаржыландыруға қатысты қорытынды шешімнің қабылданғаны туралы хабарлады.
- ККЖ шикі мұнай өндіру көлемін жылына шамамен 12 миллион тоннаға немесе тәулігіне 260 мың баррельге арттырмақ. Мұнай өндірудің жалпы жылдық көлемі шамамен 39 миллион тонна немесе тәулігіне 850 мың баррельге жетеді.
- ҰЕҚБЖ кеніштегі ұңғы ернеуіндегі қысымды төмендетіп, өнім зауытқа жеткен кезде қолданыстағы алты кешенді технологиялық желінің кіреберісіндегі қысымды көтеру арқылы Теңіз кен орнындағы қолданыстағы зауыттарды толық қуатта ұстап тұратын болады.

Қазақстандық қамту

- ТШО ККЖ-ҰЕҚБЖ жүзеге асырыла бастағаннан бері қазақстандық тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуға 15,6 миллиардтан астам АҚШ долларын (жоба бойынша жалпы шығындардың 40%-ы) жұмсады.

Жоба бойынша жұмыстардың орындалу барысы

- Қазіргі таңда Жоба жұмыстары 97%-ға орындалды, ал қалған жұмыстардың бәрі Теңіздің басында орындалуда.
- Жоба бойынша таяуда жүзеге асқан басты кезеңдер: ҮБЗ-да отын газ жүйесі пайдалануға дайын болды және ҮБЗ-ның 1-ші газ-турбиналық генераторы (ГТГ) бойынша құрылыс-монтаж жұмыстары аяқталды.
- ККЖ-ҰЕҚБЖ – бұл білікті мамандарды даярлау, шетелдік компаниялармен серіктестік қатынас орнату арқылы технология алмасу және жергілікті инфрақұрылымды жаңғырту түрінде мұра қалдыруға мүмкіндік беретін ұлттық маңызы бар жоба.